

FTAMP 16.21.33

Х.А. Ордабекова¹, Г.Ж. Байзабылова²^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан**«ТІЛДІК ТҮЛҒА» ДЕҢГЕЙЛЕРІНІҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕРДЕГІ КӨРІНІСІ**

Аңдатпа. Мәтіннің өзге бірліктерден жоғары тұрған сөйлеу бірлігі ретіндегі мәртебесі ХХ ғасырдың орта шенінде ғылыми тұрғыдан мойындала бастады. Бүгінде мәтін лингвистикасы ғылыми ой-сана өркениетінің бір белесінен хабар береді. Мәтін талдау лингвистикасы антропоцентрлік жүйеге тән бағыттарды қамти алады. Сондықтан кез келген тілді үйренуде көркем мәтін лингвистикасының ықпалы зор. Біздің мақаламызда «тілдік тұлға» мәселесі М. Жұмабаев шығармаларын талдау негізінде қарастырылды. Ю.Н. Карауловтың тілдік тұлға теориясының үшдеңгейлік үлгісі бойынша аталған ақындардың шығармаларын вербалды-семантикалық, лингвокогнитивтік және прагматикалық деңгейлерге бөліп қарастыру мәселесіне ден қойылды. Сондай-ақ, көркем шығармадағы «ғаламның тілдік бейнесінің» концептілік құрылымын нақты мысалдармен анықтауға баса назар аударылды. Тұлға деген тура мағынасында «дене», «адам денесі», «қорғаныш», «тірек», «бейне» деген мағыналарда қолданылады. Шығарманы жазған адам, қалай болғанмен де, негізінен мәтін арқылы танылады. Тұлғаны (мәтін түзушіні) тілден (мәтін тілінен) іздеу қазіргі антропоцентризм бағытына деген замана бетбұрысымен қиысады. Ал мәтін тілі сол заманның тарихи-мәдени жағдайларымен тығыз байланыста алынуы шарт. Осы орайда авторлардың тілдік тұлғасын сипаттайтын ерекше контекске назар аударылды, тұлғаның шындық болмысты танып білу айнасы ретіндегі «дүниенің тілдік бейнесі» көркем мәтіннің мазмұнына сәйкес танымдық құрылымдар негізінде концептілік жүйеде түсіндірілді, екі ақынды тілдік тұлға ретінде дамытатын прагматикалық бірліктер, мақсаттар анықталды.

Түйін сөздер: мәтін, көркем мәтін, тілдік тұлға, тіл бірлігі, лингвистикалық талдау, ұстаным, күзиреттілік, мәтінді қабылдау, мәтінді түсіну, интерпретациялау.

Аннотация. Статус текста как наивысшего уровня речи был научно признан в середине ХХ века. Сегодня лингвистика текста является одним из важнейших разделов науки. Лингвистический анализ текста может охватывать все направления, характерные для антропоцентрической системы, поэтому лингвистика художественного текста оказывает большое влияние в изучении любого языка. В нашей статье проблема

«языковой идентичности» обсуждалась на основе анализа произведений М. Жумабаева. На трехмерной модели лингвистической теории гуманитарных наук Ю. Караулов обратился к проблеме разделения произведений этих поэтов на словесно-семантический, лингвокогнитивный и прагматический уровни. Также акцент был сделан на определении концептуальной структуры «языкового образа вселенной» в искусстве. Человек буквально употребляется в смысле «тело», «человеческое тело», «сущность», «образ». Автор, который, пишет работу, как правило, узнается по тексту. Поиск писателя (автора текста) по языку (тексту) она из основных целей современной концепции современного антропоцентризма. Язык текста должен быть тесно связан с историческим и культурным прошлым того времени. В этой статье было обращено внимание на особый контекст, описывающий языковую личность авторов, концептуальную систему, основанную на когнитивных структурах в соответствии с содержанием художественного текста, «языковой образ мира» как зеркало реалий существования человека, выявлены прагматические единицы и цели, которые развиваются как два поэтических лингвиста.

Ключевые слова: текст, художественный текст, языковая личность, единство языка, лингвистический анализ, принципы, компетенция, восприятие текста, понимание текста, интерпретация.

Abstract. The status of text as a higher level of speech than other units was scientifically recognized in the mid-twentieth century. Today, text linguistics is one of the stages of the civilization of scientific consciousness. The linguistics of the text analysis can cover all directions characteristic of the anthropocentric system. Therefore, in the study of any language linguistics literary text has a great influence. The article describes the relevance of this issue. Also there are revealed principles that guide the analysis of the literary text and explained their significance. In our article, the problem of “language identity” was discussed on the basis of an analysis of the works of M. Zhumabaev. On a three-dimensional model of the linguistic theory of the humanities, Y. Karaulov turned to the problem of dividing the works of these poets into verbal-semantic, linguo-cognitive and pragmatic levels. Emphasis was also placed on determining the conceptual structure of the “linguistic image of the universe” in art. Human is literally used in the sense of “body”, “human body”, “essence”, “image”. An author who writes a work, however, is usually recognized by text. The search for a writer (author of a text) by language (text) is one of the main goals of the modern concept of modern anthropocentrism. The language of the text should be closely connected with the historical and cultural past of that time. This article drew attention to a special context that describes the linguistic personality of the authors, a conceptual system based on cognitive structures in accordance with

the content of the literary text, the “linguistic image of the world” as a mirror of the realities of human existence, pragmatic units and goals that develop as two poetic linguist.

Keywords: text, literary text, language unity, linguistic analysis, principles, competence, text perception, text understanding, interpretation.

Қазіргі филология ғылымында біртіндеп орныққан антропоцентризм бағыты зерттеушілердің алдына өзара тығыз байланысты және бір-бірінің шарты болып табылатын екі мәселені шешу қажеттілігін қойып отыр: біріншіден, адамның тілге тигізген әсері; екіншіден, тілдің адамға, оның ойлау жүйесіне, мәдениетіне етер ықпалы қандай дәрежеде екендігін анықтау. Осымен байланысты лингвистикалық зерттеулердің қазіргі кезеңінде «тілдік тұлға» терминіне қатысты мәселе орын алды.

Антропоэлектік парадигмада «тілдік тұлға» түсінігі мен оның анықтамасының пайда болып, оның зерттеу қағидасы мен теориясы орыс тіл білімінде жасалғанымен, «тіл және тұлға» мәселесі, тілдің қызметі мен өмір сүруін оны тұтынушы тұлғамен байланыстылықта зерттеу идеясы тіл білімінде барлық кезеңдерде де болды. Еуропа тіл білімінде бұл теорияның пайда болуының тарихи алғышарттары *тілдің әлеуметтік табиғаты, тіл мен сөйлеудің, жеке адам мен ұжым тілінің ара қатынасы* (В. Гумбольдт, И.А. Бодуен де Куртене, Ф.де Соссюр және т.б.) туралы мәселелердің қозғалуымен сипатталады. В.А. Маслова «Тілдік тұлғаға алғаш бетбұрыс жасалуы неміс ғалымы Й. Вайсгербердің есімімен байланысты, ал орыс тіл білімінде алғашқы қадамды тілдік тұлғаны зерттеудің екі жолын, яғни автор тұлғасы мен кейіпкер тұлғасы арқылы шығу жолдарын көрсеткен В.В. Виноградов жасады», – деп көрсетеді [1, 118-б].

«Тілдік тұлға» терминін нақтылап, ғылымға 1982 жылы МАПРЯЛ-дің VI Халықаралық конгресіндегі «Роль прецедентных текстов в структуре и функционировании языковой личности» атты баяндамасы арқылы енгізген академик Ю.Н. Караулов «Русский язык и языковая личность» еңбегінде тілдік тұлға теориясына қатысты тілді зерттеуге байланысты ғылыми тәсілдерді жинақтап, сонымен қатар В.В. Виноградовтың [2] және Г.И. Богиннің [3] еңбектерінде қарастырылған «тілдік тұлға» ұғымын толықтырады.

Тілдік тұлға мәселесіне зерттеуші үш тұрғыда келетіні белгілі:

1) Сананың қалыпты және өзгерген күйіндегі тіл, сөзжұмсам және сөйлеу қызметі психологиясын зерттей отырып, яғни психоллингвистика тұрғысынан;

2) Тілді үйрену процестеріне талдау жүргізетін лингводидактика тұрғысынан;

3) Таза филологиялық тұрғыдан, көркем әдебиет тілін зерттей отырып қарастыру, өйткені «Тілдік тұлға дегеніміз – тілде (мәтіндерде) және тіларқылы көрініс тапқан тұлға. Оның негізгі белгілері тілдік құралдар

негізінде реконструкцияланады» [4,38-6]. Әрбір мәтіннің ар жағында тұлға, яғни оның авторы тұрады.

Көркем әдебиет тілін зерттеу барысында әдетте, не автор тілі мен стилінің ерекшеліктеріне, не кейіпкерлердің сөйлеу мәнеріне, сөзіне баса мән беріледі. Кейінгі жағдайда ол сипаттамалар образ сомдау тәсілдері ретінде қарастырылып, ақын-жазушы шеберлігіне баға беруге негіз болады. Көркем әдебиет тілін зерттеудің тағы бір қыры – олардың оқырманға тигізетін әсеріне талдау жасауға арналған еңбектердің саны салыстырмалы түрде аз. Тілдік тұлғаны нақтыланудың соңғы, жоғарғы сатысында қарастыру күрделі де қызықты міндет болып табылады. Өйткені, осы тұрғыдан алғанда, бұл ұғым мазмұнына нақтыланудың алдыңғы екі сатысы да еніп кетеді, яғни бұл жерде оны талдау барысында тіл мен оны ұстанушының жалпы адамзаттық сипаттамалары да, олардың ұлттық нышан-белгілері де ескерілуі тиіс болады, талап етіледі. Бұл жолды таңдағанда мұндай зерттеуге қажетті репрезентативті материалды табу қиындық тудырады. Яғни қандай да бір ұлт тілінің ұстанушысы (өкілі) болып табылатын белгілі бір индивидум қаламынан туындаған мәтіндер көлемінің ауқымды да жеткілікті болуы аса маңызды мәселе саналады.

Осы параметрлерді ескере отырып, Ю.Н. Караулов тұлға құрылымы өзара байланысқан үш деңгейден тұрады дейді. Әрбір деңгейдің құрылымы сәйкес бірліктерден және олардың арақатынастарынан, сондай-ақ әр деңгейге тән стереотиптік бірлестіктерден тұрады. Сонымен Ю.Н. Карауловтың пікірінше, тілдік тұлғаның құрылымын мына деңгейлер құрайды:

- 1) Вербалды-семантикалық деңгей;
- 2) Лингвоконитивтік деңгей;
- 3) Мотивациялық деңгей.

Берілген үш деңгейлі ұстаным тілдік тұлғаның әр түрлі сапалық белгілерін үш маңызды сипаттама (вербалды-семантикалық, когнитивтік (танымдық) және прагматикалық) тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді [5, 12-6].

Вербалды-семантикалық сипаттама жеке адамның сөздік қорынан құралады, яғни табиғи вербальды қарым-қатынаста қолданатын барлық сөз қоры мен сөз тіркестері. Сонымен қатар лексикалық бірліктер саны ғана емес әрі оларды функционалды стилистикалық құндылықтарға сай, әлеуметтік вариациялық қағидаларға сәйкес дұрыс қолдана білу қабілеті. Бұл сипаттаманың ерекшелігі тек осы қабілетті меңгеру деңгейімен ғана емес, сондай-ақ сөзжасам, грамматика және айтылу нормаларын дұрыс қолдану немесе бұзумен де анықталады. Осы деңгейде тілдік тұлға жалпы тілге тән айшықтарды меңгермек. Оны қазіргі тіл білімінде аялық білім (аялық білім) деп түсіндіреміз. Айталық оқырманның көркем шығарманы оқу барысында автор қолданған образдардың, тілдік тәсілдердің (метафора, теңеу т.б.) мағынасын түсініп отыруы – тұлғаның осы нөлдік

деңгейін анықтайтын өлшем болмақ. *Когнитивтік сипат* тұлғаның интеллектуалдық (зиялылық, парасаттылық және рухани) өрісі, яғни, ойлау үдерісін жорамалдайтын адамның танымдық әрекеті негізінде байқалады. Әрбір жеке адам бойында өзінің даму барысындағы болмысын бейнелейтін идеялар, концептілер туындайды, яғни оның санасындағы әлеуметтік тәжірибе мен әрекет негізінде құрылған әлеуметтік және мәдени құндылықтар жүйесі. Бұл ұнамды сөйлеу ережелері мен жеке сөз орамдарын қолдануда байқалады, осылардың нәтижесінде біз өзімізге «таныс» тұлғаны көреміз. *Прагматикалық қарым-қатынас* міндеттері негізінде сөйлеушінің ниеті, оның ықыласы, себептері мен нақты коммуникативтік мақсаттары анықталады. Баяншының нақты уәжі қарым-қатынас әрекетінің қажеттілігі бола отырып, тілдік тұлғаның прагматикалық деңгей бірлігі болып табылады әрі жеке адамның логикалық ойлау білім деңгейін ғана анықтап қоймай, сонымен қатар айтарлықтай деңгейде оның жан толғанысымен қарым-қатынас барысындағы ситуациялық факторларын белгілейді. Бұл деңгей стереотипті образдар мен прецедентті мәтіндердің символдарынан тұрып, сөйлеушінің тілдік үлгісінде көрініс табады.

Аталған үш тілдік тұлғалар деңгейінің тек соңғысы ғана индивидтің коммуникативтік мақсаттағы мүмкіншілігін сипаттап бере алады. Вербалды семантика арқылы коммуникативтік мүмкіншіліктерді толық бағалай аламыз. Нақты қарым-қатынас барысында 65 пайызға дейінгі ақпараттың мазмұны мен мағынасы бейвербалды амалдар арқылы берілетіні белгілі. Когнитивті деңгей жоғарыдағы сипаттаудан байқағанымыздай, негізінен тұлғаның тілдік сипатына қарай бағытталады. Қарым-қатынас барысында әлеуметтік және мәдениеттік құндылық жүйесінде өзге де қабылдау мен ақпараттың мақсатты бағытталуы сияқты танымдық факторлар да үлкен үлес алады. Тілдік тұлға өзара әлеуметтік вербалды қарым-қатынас жүйесінде өзін таныту арқылы нақты қызмет атқарады [5, 3-86].

Вербалды-семантикалық деңгей. М. Жұмабаев тіліндегі араб, парсы, орыс, түрік тілдеріндегі лексиканың кездесуін Ш. Елеуенов және т.б. зерттеушілер оның сол тілдерді жетік біліп, Орыс, Шығыс әдебиетімен түпнұсқадан таныстығымен түсіндіреді. М. Жұмабаев ол сөздерді сол тілдерге дәл мәнінен басқа семантикалық мағына үстеу үшін немесе сөз мағынасының экспрессиясын күшейту үшін қолданған.

М. Жұмабаев шығармаларындағы оқырманға мағынасы түсініксіз немесе аса таныс емес сөздердің, кірме сөздердің мағыналарын сөздіктерде берілген түсініктемелерге сай ашып, мәтін контекстіндегі берілу ретіне назар аудармақпыз. «Туған жерім – Сасықкөл» өлеңінде: «*Назданып, жүйрін мініп, тарлан шүйін, Көкселдір тұс-тұс жақтан ат қойған көл*», – деген жолдар бар. Оны 1989, 1995 жылғы басылымдарда Көксілдер түрінде жазды деп есептеп, көксіл сөзінің сөздіктегі түсініктемесіне көз

салсақ: *Көксіл* сын. 1) Алғыр қыран, 2) ауыс. Қажымас, қайсар [6, 5т, 129-б] – дегенді білдіреді. Көксіл сөздіктегі ауыспалы мағынаға сәйкес қажымас, қайсар деген мағынада қолданылып тұр. Оған дәлел ретінде *көксіл* сын есіміне – дер көптік жалғауының жалғануы оны субстантивтендіріп, көксілдер – «*қажымас, қайсар ерлер*» дегенді білдіреді [7, 60-61-б].

Ақын кейде мәтінде кездесетін мағынасы түсініксіз сөздердің кейбіреуіне өзі түсініктеме беріп кетеді. Мысалы, «Қалмақтың қарты түгіл, *қалиасы* да Алдатпас, алдап кетер Абылайды!» – дегендегі *қалиа* сөзіне «жас бала» деген түсініктеме береді. Осы сөзге сөздікте: *Қалиа* сын. Қасарып айтқанға көнбейтін адам [8, 5 т, 600-б] – деген түсінік берілген.

Сонымен бірге ақын тілінде ортақ қорға тән, яғни түркі сөздері де кездеседі: «*Ай шырайлы аяшың, Бозаға толып шанашың*». *Шанаши* сөзіне қатысты сөздіктерде: Тұз сақтайтын тері қапшық; Ешкі терісінен істелген торсық [7, 316-б] – деп көрсетілген де, ал *аяш* сөзіне қатысты: *Аяш* зат. Жаңа. Жалпы әйел атаулыға құрметтеу мағынасында айтылатын сөз. Орыс тілінен аударғанда «дама», «дамы» деген сөздерге балама таба алмай дал болып жүрміз. Ал қырғыз тілінде *аяш* деген әдемі сөз бар [9, 1 т, 564-б] – деп келтірілген. Мәтінде келтірілген аяш сөзін негізге ала отырып, М.Жұмабаев *шанаши* сөзін контексте қырғыз тіліндегі «боза құятын ыдыс» мағынасында қолданған деп ойлаймыз.

Лингвокогнитивтік деңгей. Тілдік тұлғаны зерттеуге қатысты жұмыстардың мақсаты оның мағыналық және тілдік доминанттардан табу болса, М. Жұмабаев көркемдік мұрасының негізгі концептілерінің бірі ретінде «*жан*» концептісін атауға болады. «Жан» концептісінің көркем дискурс шеңберінде әрбір нақты семантика-психологиялық және эмоционалдық-эстетикалық түрде жүзеге асуы тұлғаның тілдік санасының ерекшелігімен айқындалады. Ақынның шығармаларында «жан» концептісінің вербалдануы оның ғалам бейнесінің ұлттық, өзіндік өлшемдерінің, ішкі рухани болмысының, құндылықтарының жүйесін бейнелейді.

Қазақ тілінде *жан* дем, жан, өмір, рух мағыналарын қамтиды. Сонымен бірге барлық тілдердегі сияқты қазақ тілінде де жан сөзі «адамның ішкі дүниесі» мағынасында қолданылады. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» жан лексемасы екі негізгі мағынада түсіндіріледі: I. Жан (Зат е.). 1. Жан-жануарларға тіршілік беретін рух. 2. Жүректен бойға тараған қан, жүрек соғысы. 3. Адамның психологиялық ішкі сарайы. 4. Қадір-қасиет тұту ретінде айтылатын сөз. II. Жан (зат е.) 1. Бірде-бір адам, ешкім [10, 610-624 б].

М. Жұмабаев поэзиясының тілдік ерекшелігін зерттеген Д.А. Өлкебаева «жан» сөзінің 10 лексика-семантикалық варианттарын бөліп көрсетеді: 1 – «адам» мағынасында; 2 – діни-салттық мағынада; 3 – «жүректің, қанның физикалық мажорлық халі» мағынасында; 4 – «дене»

мағынасында; 5 – «махаббат» мағынасында; 6 – «кеңес», «от», «жылы» мағынасында; 7 – «психологиялық рухани жағдай» мағынасында; 8 – «қуанышты және көңілсіз ішкі хал» мағынасында; 9 – «ерекше құрметке ие, жоғары құндылық қасиеттер тән адам» мағынасында; 10 – «жақын адам», «дос», «серік» эвфемистік мағынасында [11, 68-6].

«Жан» концептісінің автордың индивидуалдық танымында танылуы. Концептуалдық метафораның негізінде когнитивтік модельдер жатады. Когнитивтік модель ретінде дүние туралы білім, тәжірибе ұйымдасатын қандай да бір стереотиптік бейне түсініледі. М. Жұмабаев шығармаларында жан лексемасы дәстүрлі контекспен қатар окказионалдық контексте индивидуалдық-авторлық түсіндірілімге ие болады: 1) жанның жаны – өлең жыр. Жан толқынысында себебі де, жанның жаны да – өлеңге теңестірілу арқылы көрініс тапқан: *«Жан сүйгенім – ол да өлең, Жете алмасам жолда өлем! Жанымның жаны, Тәнімнің қаны, Тіршілігім сенімен»*; 2) жан – шешуі жоқ жұмбақ: *«Шеше алмай жан жұмбағын шерлі Қорқыт»*; 3) жан теңізден де терең: *«Теңіз терең емес, әйелдің жаны терең»*; Ой – жүректі жаралайтын, жанды жейтін жегі: *«Ой деген у – жанды есінен тандырар»* [7, 79-6].

Прагматикалық деңгей. Тұлғаның прагматикалық деңгейін саралау үшін алдымен «прагматика» ұғымы мазмұнына тоқталу қажет. Лингвистикалық прагматика тілдік қызметті тілдік бірліктерді қолдану мен сол тілдік бірліктерді қолданушылардың мақсаттары арасындағы өзара тәуелділік тұрғысынан зерттейді. Прагматиканың немесе тілдік өзара әрекет теориясының ғылым ретінде пайда болуы өмірден туған қажеттілік.

«Прагматика грек сөзі, «іс-әрекет» деген мағынаны білдіреді. Прагматика – коммуниканттардың бір-біріне және мәтіннің мазмұнына (жазбаша және ауызша түрде) олардың коммуникативтік пиғылымен және сұхбаттасу мән-жайымен санасқан жеке қарым-қатынасы» [11, 17-6].

Прагматика тілді адамның сана сезіміне, іс-әрекетіне әсер ету мақсаты тұрғысынан қарастырады.

Прагматикалық деңгей тұлғаның көркем әдебиеттің прецеденттік мәтіндерді, «қанатты сөздерді» пайдалануға дайындығын білдіреді. Прецеденттік мәтіндер тұлға үшін танымдық және эмоционалдық жағынан маңызды болып табылады. Ол көбінесе толықтай емес, ықшамдалған түрде қолданылып, прагматикалық бағытта тілдік тұлғаның шығарманы жасауда алдына қойған мақсаттарымен, себептерімен байланысты қасиеттерін айқындайды. Өз шығармаларында прецеденттік мәтіндерді қолдану жеке адамды тілдік тұлға ретінде сипаттайтын көрсеткіш болып табылады.

«Прецеденттік мәтін» терминін алғаш ғылыми практикаға енгізген Ю.Н. Караулов оларды былай сипаттайды: 1) белгілі бір тұлға үшін танымдық және эмоционалдық қатынаста маңызды болып табылатын, 2) тым жекелік сипаттағы, яғни осы тұлғаның айналасындағылар үшін, оның алдындағылар мен замандастары үшін де жақсы таныс, 3) осы тілдік

тұлғаның дискурсында бірнеше қайталанатын және оған тұлға қайта-қайта оралатын мәтіндер [11, 216-6]. Жоғарыдағы ғалымның айтқандарын қорытсақ, цитаталар, кейіпкерлердің аттары, шығармалардың атауы мен оның авторлары прецеденттік мәтін болып табылады.

М. Жұмабаев қолданған прецеденттік мәтіндер ішінде фольклорлық мәтіндер айрықша орын алады, сонымен бірге мифологиялық аңыздар, ертегілер, тарихта бар оқиғалар, есімдер жағдаяттар жаңаша түрге енген, өзгертілген жырдың арқауына айналады.

Оқырманның көркем шығарманы оқу барысында автор қолданған образдардың, тілдік тәсілдердің мағынасын түсініп отыруы тұлғаның нөлдік деңгейін анықтайын өлшем ретінде сипатталады. Бұл деңгейде ақындар шығармаларындағы дәстүрлік көркемдік тәсілдерді қалай пайдаланып, өз тарапынан жалпыхалықтық тілге қандай өзгеріс әкелгендігі жайлы сөз қозғалады. Сонымен қатар, басқа тілден енген кірме сөздер мен көне сөздер, етістіктердің ақын тілінде қолданылу аясы, яғни тілдік тұлғаның бұл деңгейі ақын тілінің сөздік байлығы арқылы дәйектеледі.

Өзге жеке адамдарға ұқсамайтын өзіндік ерекше сапалық қасиеті бар бірегей адам ғана тұлға бола алатыны белгілі. Яғни, елден ерек адам емес, тұлға талаптарына жауап беретін адам – тұлға. Адам тұлға болып тумайды, тұлға болып қалыптасады. Тілдік тұлға да солай. Тұлға өзге адамдармен, әлеуметтік институттармен қатынаста, әлеуметтік байланыстар жүйесінде танылуы тиіс, таныла отырып тарихи тұлға ретінде белгілі болады. Демек, тұлға өмірінің мәні «қарым-қатынас құндылығы» деңгейінде ашылады.

«Тілдік тұлға» ұғымы қоғамдық қарым-қатынастар, мәдениет жүйесі арқылы анықталынатын және биологиялық ерекшеліктер себепші болатын саналы қызмет пен қарым-қатынастар субъектісі болып табылатын «тұлға» ұғымын тірек етеді. Тұлға – шығарманы жасаушы, сонымен қатар тарихтың, мәдениеттің әрі өнімі, әрі субъектісі. Адамның қажеттілігі таным, ойлау және қарым-қатынас құралы болып табылатын тіл арқылы қанағаттандырылады, сол себепті тұлға тіл арқылы, яғни тілдік тұлға ретінде ашылуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Маслоva В.А. Лингвокультурология . – М.: Академия, 2001.– 208 с.
- 2 Виноградов В.В. О художественной прозе. – М., Л. 1930. – 360 с.
- 3 Богин Г.И. Модель языковой личности в ее отношении к разновидностям текстов // Автореф. дисс. докт. филол. наук. Л., 1984.– 31 с.
- 4 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность // Отв.ред. Д.Н.Шмелев.– М.: Наука, 1987. – 261 с.

- 5 Ниятова Ш.С. Махамбеттің тілдік тұлғасы. Фил. ғыл. канд. дисс. Алматы. – 2007. – 144 б.
- 6 Кучеренко О.Ф. Языковая личность Л.Н. Толстого (на материале переписки) // Автореф. дисс. канд. филол. наук. – Караганда, 2004. – 30 с.
- 7 Ермекова Ж.Б. Мағжан Жұмабаевтың тілдік тұлғасы // Филол. ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2010. – 144 б.
- 8 Пшенина Т.Е. Дискурсивное описание языковой личности Катулла // Автореф. дисс. канд. филол. наук. – Алматы, 2000. – 31 с.
- 9 Абдуллина З.А. Балалар әдебиеті кейіпкерлерінің тілдік тұлғасы (Б. Сокпақбаев, М. Гумеров, М. Қабанбаевтың шығармалары бойынша) // Канд. дисс. автореф. – Алматы, 2008. – 24 б.
- 10 Имашева Г.Е. Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі» // Фил. ғыл. докт. дисс. автореф. – Алматы, 2009. – 56 б.
- 11 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. Изд. 7-е. — М.: Издательство ЛКИ,. 2010. — 264 с.